

Нысаньы БҚСЖ бойынша коды  
Код по ОКУД \_\_\_\_\_  
ҚҰЖЖ бойынша коды \_\_\_\_\_  
Код организации по ОКПО \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы "30" мамырдағы № 415 бұйрығымен  
Бекітілген № 015/е нысанды медициналық құжаттама

Медицинская документация Форма № 015/у  
Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от "30" мая 2015 года № 415

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің  
Павлодар облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау  
департаменті

Департамент санитарно-эпидемиологического контроля  
Павлодарской области  
Комитета санитарно-эпидемиологического контроля  
Министерства здравоохранения Республики Казахстан

**Павлодар облысы аумағында  
шектеулі карантиндік шаралар туралы  
№3 ҚАУЛЫСЫ**  
(өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы)

**2021 жылғы «5» ақпан**

**Павлодар қ.**

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері, Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Павлодар облысы тұрғындарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38-бабына, 104-бабы, 2-тармағының 3)-тармақшасына, сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» 2021 жылғы 17 қаңтардағы №1 Қаулысына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 9) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«9) қалааралық, **(Павлодар-Ақсу-Павлодар маршрутымен біріктірілген Ақсу-Павлодар-Ақсу қоспағанда)**, ауданаралық автобус, шағын автобус жолаушылар тасымалының жұмысы **тоқтатылсын**»;

2) 1-тармақтың 20) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«20) ғимарат ішінде ғимарат ішіндегі жалпы 30 орыннан асырмай, әлеуметтік арақашықтықтың, отырғызылуын, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сақтап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа жаппай өткізілетін іс-шараларды өткізусіз, сағат 8:00-ден бастап 20:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, жеткізілім режимінде 22.00 ге дейін, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра қоғамдық тамақтану нысандарының (мейрамханалар, кафе, барлар, асханалар мен басқа нысандар) қызметіне, жеткізу/алып шығу форматында – уақытын шектемей, осы Қаулыда белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келушілердің ас ішу залында болуына тыйым салумен, **Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сенбі мен жексенбі күндері жұмысты тоқтатумен (тек жеткізу/алып шығу режимінде) рұқсат беру**»;

3) 1-тармақтың 21) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«21) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, толымдылығы 50% дейін, 30 отыратын орыннан аспаған, жеке кірер жері болған жағдайда, сауда ойын-сауық орталықтарында орналасқан (жеке үй-жайларда) қоғамдық тамақтану нысандарының қызметіне жұмыс уақытын 9:00 дан 20.00 дейін тәртіпшен, **Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сенбі мен жексенбі күндері жұмысты тоқтатумен (тек жеткізу/алып шығу режимінде) рұқсат беру»;**

4) 1-тармақтың 39) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

« 39) "Азаматтарға арналған үкімет "МК" КЕАҚ Павлодар облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс кестесіне, сондай-ақ Call center, бейне-ассистенттердің жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмыс кестесіне тыйым салынсын. Мамандандырылған ХҚКО-ның жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін (алдын ала броньсыз) жұмыс кестесіне, сенбі, жексенбі және мереке күндеріне тыйым салынсын". Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының ХҚКО-ларына бару үшін кезекті алдын ала брондау қажет (egov.kz портал, 1414 байланыс орталығы және eGov mobile қосымшасы арқылы) »;

5) 1-тармақтың 52) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:


«52) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, **барлық сауда объектілеріне, қоғамдық көліктерге, таксиге, өнеркәсіптік аумақтарға, дәліздерге, лифтілерге, ұйымдарға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді қамтамасыз етсін».**

2. «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» 2021 жылғы 17 қаңтардағы №1 Қаулының 1 тармағының 9),20),21),39),52) тармақтары алынып тасталынсын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы №3 Қаулы 2021 жылдың 8 ақпандан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді, қолданылу мерзімі - 2021 жылдың 15 ақпанының 00.00 сағатына дейін.

Павлодар облысының  
Бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігері



Б. Алиев